

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті
Халықаралық қатынастар
факультеті
Аймақтану кафедрасы



Евразийский
национальный университет
им. Л.Н.Гумилева
Факультет международных
отношений
Кафедра регионоведения

«Отандастар қоры»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы



Некоммерческое акционерное
общество
«Отандастар қоры»

«АЙМАҚТАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕГИОНОВЕДЕНИЯ»
СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ



**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультеті
Аймақтану кафедрасы**

«Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет международных отношений
Кафедра регионоведения**

Некоммерческое акционерное общество “Фонд Отандастар”

«АЙМАҚТАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕГИОНОВЕДЕНИЯ»

27 наурыз 2023, Астана

УДК 327
ББК 66.4
А31

А31 «Аймақтанудың қазіргі мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция = Международная научно-практическая конференция «Современные проблемы регионоведения». – Астана: – 247 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-861-1

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің аймақтық даму мен аймақты зерттеуге әсер ететін проблемаларды түсінуге жәрдемдесуге бағытталған баяндамалар кірді. Бұл процестерді әр түрлі аспектілерде және әр түрлі жағынан қарастыру әсіресе қазіргі кезде өзекті болып табылады.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов, направленные на содействие более глубокому пониманию проблем, влияющих на региональное развитие и изучение региона. Рассмотрение данных процессов в разных аспектах, и с разных сторон особенно актуально в наши дни.

УДК 327
ББК 66.4

ISBN 978-601-337-861-1

©Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, 2023

ЖАҢА ГЕОСАЯСИ АЯСЫНДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.О. Аккожина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

akkojina@inbox.ru

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Орталық Азия аймағындағы жаңа геосаяси мәселері және қауіп-қатер жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық аспектілері талқыланды. Қазіргі уақыттағы қауіпсіздікке қауіп төндіретін мәселелердің бірі, Талибанның билікті басып алуына байланысты Ауғанстандағы қазіргі жағдайдың Орталық Азияның аймақтық және саяси ортасына әсері талқыланады. Орталық Азияның аймақтық саяси ерекшеліктерін түсіну арқылы, ең алдымен, аймақ мемлекеттері ұжымдық ынтымақтастық тетіктерін құру арқылы аймақтың тұрақтылығын сақтау үшін сындарлы іс-әрекеттерді қабылдаудың ерекше қажеттілігі туындайды. Іс жүзінде өзара ынтымақтастықты тереңдету, өздерінің ұлттық мүдделерін негұрлым тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында бар даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін ымыраға келу шешімдер бұл аймақта аса маңызды рөлді атқарады.*

***Түйін сөздер:** аймақтық қауіпсіздік; аймақтық қауіпсіздік мәселелері; Ауғанстан; халықаралық ұйымдар; Орталық Азия, терроризм, ынтымақтастық.*

Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында геосаяси кеңістік пайда болды. Орталық Азия ресми түрде 1993 жылы 4 қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстан Республикалары Президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөніндегі бас қосуында бекітілді [3].

Осыған орай, жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болып, өзара мемлекетаралық қатынастары да өзгеруде. Яғни, Орталық Азия мемлекеттерінің осы аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету өзектілігі де арта түсуде. Орталық Азияның қауіпсіздігі – халықаралық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін негізгі шарттарының бірі болып табылады. Аймақтағы қауіпсіздік мәселесі күрделі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік сипатқа ие. Қазіргі таңда қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері көбейгені айқын [1].

Кейбір зерттеушілер, аталған кеңістік жанжалды деген пікірде. Жанжалдың қайнар көзі — аймақтың ішкі жағынан ғана емес, сыртынан да қауіп төндіруде. Орталық Азия қауіпсіздігіне қауіп төндіретін негізгі қауіп-қатер түрлеріне су ресурсы, қоршаған ортаның нашарлауы, яғни экологиялық мәселелер, ұлтаралық даулар, есірткі бизнесі, ұйымдасқан қылмыс, халықаралық терроризм, діни экстремизм, халық санының күрт өсуі сияқты

факторлар жатады. Аталған факторларға тоқталып өтетін болсақ, халықтың өсуі, мемлекеттің қауіпсіздігіне әсер ететін көптеген қауіп қатер түрлерінің негізі болып табылады. Сондай-ақ, Орталық Азия аумағы ауданында үнемі су тапшылығы мәселесі бар. Зерттеушілердің пікірінше, су тапшылығы мемлекеттер арасында дау-жанжал тудырушы факторларының бірі болып табылады. Яғни, мемлекеттер арасында суды пайдалануға байланысты мәселелер туындап, мемлекетаралық қатынас шиеленісіп кететін жағдайлар бар. Осыған орай, Орталық Азия аймағына, әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайын болдырмау мақсатында ғылыми, технологиялық, экономикалық, потенциалды арттыратын әр мемлекет өзінің тұрақты дамушы бағдарламасын құру туралы пікірлер туындайды. Ал ұлтаралық жанжалдар көбінесе этникалық азшылыққа байланысты. Яғни, бұл мәселе барлық Орталық Азия мемлекеттеріне де тән, өз дәстүрлері мен тілін сақтап қалғысы келетін этникалық азшылық барлық мемлекет территорияларында өмір сүруде. Этникалық қарым-қатынасты реттеудің әр түрлі жолдары бар. Бұл жердегі басты мақсат, этникалық азшылыққа сол мемлекеттің тең құқылы азаматы болуға жол ашу, өз дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын сақтап қалуға жағдай жасау, саяси билікке жол ашу. Сонымен қатар, дің және діңи теңдестіру (идентификация) мәселесіне тоқталар болсақ, Орталық Азия мемлекеттерінде түрлі діңи өкілдері орналасқан. Исламнан басқа катоцилизм, иудаизм, христианство, буддизм және православие діңдері бар. Бұл аймақта Исламның мәдени және ғылыми орталықтары, Кеңес Үкіметінің исламды жою әрекетіне қарамастан сақталып қалған. Соңғы уақыттарда мұсылман діңи ғана емес, басқа да дің түрлері қарқынды түрде дамыды. Осыған байланысты зерттеушілер, Орталық Азиядағы діңнің өзге көрінісін — діңи экстремизм әрекетінің күшеюін келесідей жағдайларымен байланыстырады. Орталық Азиядағы исламның тез дамуы, кейбір мемлекеттерде араңдатушылықпен айналысатын діңи экстермисттерге осы аймаққа терең еніп кетуіне қолайлы жағдай туғызды. Бұдан басқа, жоғарыда атап өткен мәселелердің бірі — халық санының өсуі болып табылады. Бұл жағдай аймақты кедейлікке әкеп соқтырудың бірден бір жолы болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы тайталастыққа да әкеп соғады. Осыған байланысты, Орталық Азия аймағында азық-түлік және тағам қауіпсіздігі де маңызды орынға ие. Осылайша, халық санының қарқынды өсуі, қоршаған ортаның нашарлауы, жер және су ресурстарының азаюы және басқа да әлеуметтік мәселелерге әкеледі. Осыған орай, әр мемлекеттің ұлттық жоспарында демографиялық сұрақтар, білім, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық жұмыстарға әйелдерді араластыру, көші-қон сұрақтары басты орында болып табылады.

Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікке шынайы қауіп төндіруші фактор Ауғанстанның жағдайы. Қазіргі уақытта Ауғанстан қару-жарак контрабандасы мен сауда нарығына айналған. Сонымен қатар, есірткі саудасы және өндірісі өте дамып кеткен аймақ болып табылады. Бұл өз алдына, Орталық Азия территориясына өткізіледі және осы территория арқылы өтеді әрі қарай басқа мемлекеттердің территориясына өтеді [5].

Орта Азия мемлекеттерінің барлығына да ортақ мәселе болып табылатын маңызды мәселенің бірі, 2014 жылы НАТО біріккен әскерінің Ауғанстаннан шығарылуынан кейін мемлекеттің ішкі топтары арасындағы қарама-қайшылықтан экстремистік және террористік күштердің одан әрі көршілес Өзбекстан мен Тәжікстан арқылы басқа мемлекеттерге таралу қаупі айтарлықтай жоғары болып отыр.

Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардағы байқалып отырған басты тенденциялардың бірі - мемлекет ішіндегі қауіптің басқа мемлекеттерге таралып, аймақтық және жаһандық қауіпке айналу қабілеті болып табылады.

Орталық Азияда кең тараған террористік ұйымдарға назар аударатын болсақ, олардың қатарына «Өзбекстандағы Ислам Қозғалысы», «Хизб ут-Тахрир аль-Ислами» («Исламды азат ету қозғалысы»), «Ағайынды мұсылмандар» - бұл ұйымдардың бірнеше орталықтары бар және кең түрде қызмет етуге тараған, ал «Әлеуметтік реформалар қоғамы» - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанда, «Исламдық Үндеу Қозғалысы», «Азиядағы мұсылман комитеті», «Акрамиттер», «Адолат уюшмаси», «Шығыс Түркістан Ұйымы» және т.б. ұйымдар бар. Бұл ұйымдардың қызмет атқаруына тиым салынғанымен олардың атын өзгертіп немесе басқа заңы әлсіз мемлекеттерде өзінің жұмысын барынша тез қарқынмен жалғастырып жатыр. Соған байланысты бұл ұйымдардың пайда болуы тәуелсіздік жылдарынан кейінгі Орта Азия мемлекеттеріндегі экономикалық-әлеуметтік мәселелерді шешуге тырысқан мемлекеттердің қауіпсіздік, бірегейлік, дін секілді маңызды шарттар екінші орынға жылжыды. Бүгінде оның салдарларын анық байқауға болады.

Ал терроризм, экстремизм, заңсыз есірткі айналымымен күресетін қаншама ұйымдар мемлекеттің ішкі қауіпсіздік органдарынан басқа Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушыларының антитеррористік ұйымы, БҰҰ есірткі және қылмысты басқаруы ұйымы (UNODC), бұл ұйымдардың барлығы Орталық Азиядағы терроризм, экстремизм, есірткіге қарсы күрес жүргізеді, дегенмен де олардың барлығы да бұл мәселеге толық тосқауыл қоя алмай отыр [6].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық және ұлттық қауіпсіздігіне қауіпті әрекеттердің бірі — діни экстремизм болып отыр. Экстремизм белсенділігі, қазіргі таңда өз идеологиясы және саяси мақсаттары мен көшбасшылары бар саяси бағытқа айналған. Экстремизм идеясы және соған бағыттау жолдары, мемлекетаралық және мемлекеттің ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, территориялық, тарихи, ұлттық, діни сияқты факторлардан бастау алады. Сондай-ақ, экстремисттік күштің одан әрі дамуына мемлекеттің саяси және геосаяси факторлары да әсер етеді. Экстремизммен күресте үлкен рольге дін ие болып отыр. Себебі, халықаралық экстремисттік ұйымдар өз әрекеттерін діни идеологиямен байланыстырады [2].

Экстремизммен күресте мемлекет және қоғамның мүмкіндігін кешенді түрде қолдану аса қажет. Яғни, мемлекеттердің нәтижелі шаралары мен

экстремизмді алдын-алудағы механизмдерін әрдайым жетілдіріп отыруды қажет етеді. Экстремизммен күресте бір ғана мемлекеттің күш салуы жеткіліксіз. Осыған орай, Қазақстан Республикасы халықаралық және мемлекетаралық келісімдерге қол қойды. Орталық Азиядағы мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ұлттық заңнамасын зерттеу барысында, аймақтағы мемлекеттердің экстремизмге қарсы тұрудағы нормативтік-құқықтық базасын одан әрі жетілдіруді қажет ететінін көреміз. Сонымен қатар, заңнамалық шаралардан басқа, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын-алу әрекеттері керек.

Қауіпсіздік пен ынтымақтастық негізі – экономика болып табылады. Адамдарының тұрмыс ахуалы жоғары, экономикасы берік елдер ғана қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың тиімді деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. Тұрғындарының тұрмысы төмен, халқы аш болса оларға қауіпсіздік және биік деңгейдегі ынтымақтастық туралы айтудың өзі артық. Ұлттық экономиканы терең реформалау стратегиялық инвесторларды тарту және өндірісті арттыру арқылы мемлекет басымдықтарға жетеді [4].

Қорыта келе, аталып өткен аймақтағы мәселелерді ішкі және сыртқы аймақтық мәселелер деп бөлуге болады. Қазіргі уақытта бұл мәселелер аса маңызды проблемалар ретінде күн тәртібінде тұр. Осыған байланысты бұл мәселелер халықтың әлеуметтік деңгейін жоғарылату мақсатында ұлттық деңгейде, мемлекетаралық мәселелерді шешуде аймақтық және халықаралық деңгейде үздіксіз жұмыс атқарылуда.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі

1. Идрышева Ж., Исаева Г. А. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі //Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2009. – Т. 42. – №. 4-5. Электронный ресурс. URL: <https://bulletin-ir-law.kaznu.kz/index.php/1-mo/article/view/536> (дата обращения 10.02.2023)
2. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі ресми интернет қоры. URL: [http:// https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet?lang=ru](http://https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet?lang=ru). (дата обращения 02.02.2023)
3. Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің сайты. URL. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/activities/93?lang=ru>. (дата обращения 10.02.2023)
4. Мажинбеков С. А. Орталық Азия аймағының қауіпсіздік мәселелері //Qazaqtaný. – 2020. – №. 2. – С. 28-32. Электронный ресурс. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=43919160> (дата обращения 10.02.2023)
5. Раджабов М. Проблемы обеспечения региональной безопасности в Центральной Азии на пороге XXI века. URL: <http://www.zonakz.net/articles/12832>. (дата обращения 13.02.2023)
6. Черных И., Бурнашев Р. Секьюритизация: Международный терроризм в Центральной Азии. // Доклад Центра антитеррористических программ. Электронный ресурс. URL:

РОЛЬ ИНДИИ В МИРОВОЙ АРХИТЕКТУРЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

А.М. Амренова
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
магистрант кафедры Регионоведения
Астана, Казахстан
8701881174@mail.ru

Аннотация. На протяжении последних лет в экспертных кругах пришли к консенсусу об изменении соотношения экономических сил в мире. В частности, это тенденция перемещения экономической мощи с Запада на Восток. Прежняя мировая архитектура, в которой господствовали США и Западная Европа, приобретает новые черты, трансформируется роль ведущих игроков. Все большее место в новой экономической системе занимают крупные растущие страны, такие как Китай, Индия, Бразилия, Индонезия, Турция и т.д. Целью данной статьи является рассмотрение роли Индии как одного из центров силы в новых геополитических реалиях, а также основные направления ее внешней политики.

Ключевые слова: Индия, мировой порядок, внешняя политика, Китай, США, демократия, региональное влияние, индийская экономика.

Внешняя политика Индии всегда характеризовалась прагматизмом, реалистичной оценкой происходящих событий в мире, глобальным охватом основных экономических и политических проблем, стоящих перед международным сообществом. Дели гибко приспосабливается к изменениям в мире, исходя из национальных интересов. Перемены в индийской политике во многом связаны с распадом Советского Союза и последующими за этим фундаментальными изменениями в соотношении сил на мировой арене. Стремление адаптироваться к новому раскладу сил отразилось на внешней политике Индии. Трансформация биполярного устройства мира в полицентричную систему международных отношений, ускоренные процессы глобализации мобилизуют потенциал индийского общества, раскрывая новые грани политической культуры Индийской республики. Присущий политической культуре Индии постулат «единство в многообразии», раскрывающийся в мультикультурализме и толерантности в условиях глобализации, становится ключевым императивом ее внешней политики, приобретая доминирующее значение. В век глобализации арсенал внешнеполитических приемов Индии обогащается категорией мягкой силы в целях обеспечения долгосрочного политического авторитета в мировом сообществе. Немалую роль играет и увеличение веса в международных